

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

2020 жылғы 26 тамыздағы
Ғылыми кеңес шешімімен, №1 хаттама
(2023 жылғы 28 тамыздағы өзгертулер мен
толықтырулармен, №1 хаттама)
БЕКІТІЛДІ



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Арқалық, 2023

1. Жалпы ақпарат

Институттың академиялық саясаты Қазақстан Республикасы білім саласындағы қолданыстағы заңнамасына, Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Саясат ережелері Қазақстан Республикасында білім беру қызметін реттейтін нормативтік актілері, институт Жарғысы өзгерген жағдайда қайта қарастырылады.

Академиялық саясат білім алушыға бағдарланған оқытуды іске асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлап, басқару және оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру мақсатында ережелер мен рәсімдер жүйесі болып табылады.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты білім беру қызметі нарығында 1972 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №220 қаулысына сәйкес жұмыс істейді. Арқалық қаласындағы педагогикалық институт бастапқыда облыс мектептерінің жалпы білім беру пәндері мұғалімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мамандандырылған жоғары оқу орны ретінде құрылды. 1977 жылы институтқа Ыбырай Алтынсариннің есімі берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы №163 қаулысымен институтқа мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы №752 қаулысымен институт коммерциялық емес акционерлік қоғам болып қайта құрылды.

Миссиясы:

Жоғары кәсіби және тұлғалық жетістіктерге жетуге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлау.

Пайымдауы:

Педагогикалық кадрларды дайындайтын өңірлік инновациялық ғылыми-білім беру орталығы.

Стратегиялық мақсат:

Инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттайтын кәсіби мамандарды дайындау.

Құндылықтар:

- Қазақстандық патриотизм
- Парасаттылық
- Ашықтық
- Академиялық еркіндік
- Кәсібилік
- Жаһандық азаматтық.

Жалпы ережелер

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты кредиттік оқыту технологиясы бойынша 6B01 Педагогикалық ғылымдар білім беру саласындағы мамандарды даярлаудың 7 бағыты бойынша бакалаврлар дайындайды.

Институттың академиялық саясаты білім беру қызметтерін ұсыну сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау және басқару, оқу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, қағидалар, рәсімдер жүйесі болып табылады.

Институттың академиялық саясаты келесілерден тұрады:

- Білім алушыларды қабылдау және контингентін қалыптастыру саясаты;
- Профессор-оқытушылар құрамын, әкімшілік-басқару және басқа персоналды қалыптастыру саясаты

- Білім беру бағдарламалары мен электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу саясаты

- Білім алушылардың оқу пәндеріне тіркелу саясаты;

- - Білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыру саясаты;

- - Академиялық адалдық және сапаны қамтамасыз етудің ішкі кепілдіктері саясаты;

- - Білім алушыларға ауысу, қайта қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалыс беру саясаты;

- - Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты;

- - Қорытынды аттестаттау ұйымдастыру саясаты;

- - Академиялық ұтқырлық саясаты;

- - Түлектерді жұмысқа орналастыру саясаты

2. Білім алушыларды қабылдау және контингентін қалыптастыру саясаты

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ-ның (бұдан әрі – институт) білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар контингентін қалыптастыру келесі қағидалар бойынша жүзеге асырылады:

- әртүрлі оқыту технологияларын, оның ішінде дәстүрлі, қашықтан және аралас технологияларды қолдана отырып, Қазақстан Республикасы және шетел азаматтарының барлық санаттары үшін білім беру бағдарламаларының тең қолжетімділігі;

- білім беру өнімін Қазақстан Республикасы білім беру қызметтері нарығына және шетелде ілгерілетуге ықпал ететін маркетингтік іс-шараларды кеңінен пайдалана отырып, педагогикалық кәсіпке бағдарланған талапкерлерді іріктеу;

- мектеп пен колледж білім алушыларының жеке қасиеттерін, ерекшеліктері мен қабілеттерін дамыту негізінде олардың кәсіптік таңдауын ерте қалыптастыру үшін жұмыс берушілермен ынтымақтастық.

Талапкерлер мен үміткерлерді қабылдау Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтына оқуға қабылдау ережелеріне, Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында оқу мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелеріне, Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында оқу пәндері мен практикаларды тану тәртібі туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Профессор-оқытушылар құрамын, әкімшілік-басқару және басқа персоналды қалыптастыру саясаты

Институттың профессор-оқытушылар құрамын (бұдан әрі – ПОҚ), әкімшілік-басқару персоналын қалыптастыру келесі қағидаттар бойынша жүзеге асырылады:

- кәсіби өсуді одан әрі дамыта отырып, жұмысқа алу кезінде әділ және ашық процесс негізінде ПОҚ мен қызметкерлерді конкурстық іріктеу;

- институттың білім беру бағдарламаларының біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандарды тарту;

- жас оқытушыларды және олардың кәсіби дамуын қолдау;

- оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, қоғамдық өмірге қатысу үшін ПОҚ, әкімшілік-басқару персоналына және қызметкерлерге жағдай жасау;

- ПОҚ, әкімшілік-басқару персоналына және қызметкерлерге кәсіби біліктілігін дамыту және арттыру үшін жағдай жасау;

- қызметкерлерді ынталандыру тетіктерінің жұмыс істеуі, жаңа қызметкерлерді бейімдеу, қызметкерлерге қатысты аттестаттау және тәртіптік шараларды қолдану, қызметкерлерді жұмыстан шығару.

Кадрлық саясат қағидаттарын іске асыру Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ кадр саясаты туралы ережесіне, ПОҚ және ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Білім беру бағдарламалары мен электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу саясаты

Институттың білім беру бағдарламаларын әзірлеу білім беру процесіне мүдделі қатысушылардың қатысуымен өтеді және келесі қағидаларды ұстанады:

- еңбек нарығында сұранысқа ие болу, әлеуетті тұтынушылардың сұраныстарына сәйкес болу, студенттер алмасу мүмкіндіктерін ескеру, ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес келу;

- оқу нәтижелерінің сипаттамасын, еңбек шығындарын (академиялық кредиттердің көлемі), оқыту мен оқыту тәсілдерін, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін қоса алғанда, дәреже алуға әкелетін бағдарламаның нақты сипаттамасын қамтуы тиіс;

- жеке оқу траекториясының таңдау мүмкіндігі үшін бағдарлама құрылымының икемділігі;

- құзыреттілікті модульдерге кіретін пәндерге жеткізу және пәннің оқу-әдістемелік кешеніне құзыреттілік тәсілді енгізу мақсатында оқытудың күтілетін нәтижелері, оқу қызметі мен оқыту нәтижелерін бағалау арасындағы өзара байланыс;

- оқытуда сандық технологияларды қолдану.

Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім беру бағдарламасы және оны әзірлеу тәртібі туралы ережесіне, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтындағы білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау ережелері, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық

институтында оқу-әдістемелік кешен және оны әзірлеу тәртібі туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Электрондық білім беру ресурстарының дерекқорын (ЭБР) әзірлеу кезінде мынадай талаптар мен қағидаттар сақталуы тиіс:

- оқу материалы мазмұнының өзектілігі, қол жетімділігі, дұрыстығы, ғылыми сенімділігі. ЭБР көмегімен оқу материалын меңгеру процесі ғылыми танымның заманауи әдістерін (эксперимент, салыстыру, бақылау, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, ұқсастық, индукция және дедукция, талдау және синтез, модельдеу әдісі және т.б.) қамтуы тиіс;

- онлайн режимінде білімді тексеру жүйесінің болуы. Пайдалану ыңғайлылығы – ЭБР қарапайым және түсінікті болуы керек; бір бөлімнен екіншісіне оңай, түсінікті ауысулар;

- ЭБР сенімділігі, ЭБР мазмұнын жаңартудың ыңғайлылығы мен қарапайымдылығы, сыртқы әсерлерден қорғалуы, тұрақтылығы;

- ЭБР білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолжетімділігі;

- платформаны дамыту перспективасы – қазіргі заманғы технологияларды қолдай отырып, жүйенің нұсқаларын жақсарту. ЭБР сапалы техникалық қолдау, жұмысқа қабілеттілікті қолдауының болуы, қателері мен осалдықтарын жою.

Электрондық білім беру жүйесін қалыптастыру Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында электрондық оқулық басылымдарын әзірлеу ережелеріне, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері сәйкес жүзеге асырылады.

5. Білім алушылардың оқу пәндеріне тіркелу саясаты

Білім алушылардың оқу пәндеріне тіркелуі студенттерге бағдарланған білімге бағытталған. Оқытудың жеке траекториясын қалыптастыру келесі қағидаттар бойынша жүзеге асырылады:

- пәнді оқытудың логикалық реттілігі және пререквизиттердің болуын есепке алу;

- қажетті құзыреттілікке ие болу үшін пәндерді ерікті таңдау мүмкіндігі;

- жеке оқу жоспарын қалыптастыру және орындау үшін білім алушының дербестігі мен жауапкершілігі;

- модульдік білім беру бағдарламасынан жоғары оқу орны компонентінің (ЖООК) және таңдау компонентінің (ТК) пәндерін немесе пәндер модулін міндетті түрде таңдау;

- аралас немесе бейінді білім беру бағдарламалары (Minor) бойынша қосымша құзыреттер алу мүмкіндігі.

Академиялық лектерде, топтарда, кіші топтарда білім алушылардың саны осы пәнге жазылған білім алушылардың жеткілікті саны бойынша қалыптастырылады (кіші топқа 12-15 адам, топқа 25-30 адам, академиялық лекке 70-80 адам).

Білім алушыларды оқу пәндеріне жазуды тіркеуші офисі ұйымдастырады. Білім алушылармен әдістемелік және консультациялық жұмыстарды эдвайзерлер жүргізеді. Білім алушылардың оқу пәндеріне

жазылуы Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында студенттерді оқу пәндерін оқуға тіркеу ережесіне сәйкес жүргізіледі.

6. Білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыру саясаты

Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру келесі қағидаттарға сәйкес болуы керек:

- студентке бағдарлану, пәнаралық, практикаға бағдарлану;
- Ұлттық біліктілік шеңберіне (ҰБШ) сәйкес «Педагог» кәсіптік стандартын талаптарына сәйкес келу;
- сыни және проблемалық-бағдарланған ойлауды дамыту, өмір бойы оқыту, коммуникативтілік, көшбасшылық және командалық жұмыс, кәсіпкерлік, инновация және тәуекелдерді қабылдауға дайын болу, корпоративтік этика, сапа мәдениеті және академиялық адалдық;
- ғылыми негізділігі және практикалық қолданылуы;
- білім алушылар мен оқытушылардың болашақ маман үшін қажетті құзыреттілікті алу үшін қажетті оқу траекториясын бірлесіп жоспарлауы.

Бір оқу жылы шеңберінде білім беру процесі институттың Ғылыми кеңесі шешімімен бекітілетін академиялық күнтізбе негізінде әртүрлі технологияларды (күндізгі, аралас) қолдану арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар мен оқытушылар әртүрлі оқыту технологияларын қолдана отырып, білім беру қызметтерін ұсыну үшін Platonus ААЖ, онлайн-сабақтарды өткізуге арналған ZOOM, CiscoWebex, Hangouts және т.б. платформаларды пайдаланады.

Академиялық кезеңдер 10 апталық триместр, 15 апталық семестр және 8 апталық тоқсан ретінде анықталған. Бір оқу жылы оқыту жылына байланысты әртүрлі академиялық кезеңдерді және жазғы семестрді қамтиды. Әрбір академиялық кезең емтихан сессиясымен аяқталады, әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен (емтиханмен) аяқталады. Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру, кәсіптік практика бойынша есеп қорғау нысанында міндетті түрде баға қоя отырып өткізіледі және емтихан сессиясы ретінде айқындалады. Білім алушыларды аралық аттестаттау академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіптік тәжірибе, дипломдық жұмыс (жоба) білім беру бағдарламаның тиісті модульдеріне енгізіледі. Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Кәсіптік тәжірибені академиялық кезеңнен тыс, сонымен қатар, академиялық кезең аясында жүргізуге болады.

Білім алушының тәжірибеден өту кезінде нормативтік жұмыс уақыты апта ішінде 30 сағатқа (5 жұмыс күндік апта ішінде күніне 6 сағатқа) тең екендігін есепке ала отырып, тәжірибелер ұзақтығы аптамен есептелінеді.

Кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жетекшілікті білім беру бағдарламаларының оқытушылары және өндірістен педагог-практиктер жүргізеді.

Әрбір оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің бүтін санын құрайды. Бұл орайда пән көлемі 5 академиялық кредиттен кем болмауы керек. Жекелеген жағдайларда пәндер 3-4 академиялық кредиттен тұруға

рұқсат етіледі. 1 академиялық кредит 30 сағатқа тең. 1 академиялық сағат 50 минутқа тең.

Дене шынықтыруды, тілдерді қоспағанда, әрбір оқу пәні бір қайталанбайтын атауға ие. Бір модульдің көлемі екі және одан да көп оқу пәндерін немесе бір және одан да көп пәндерді оқу жұмысының басқа түрлерімен ұштастыра отырып қамтиды.

Дәріс оқуға ғылыми дәрежесі (ғылым докторы (немесе) ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) және (немесе) бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар магистрі және (немесе) оқытушы лауазымында кемінде үш жыл немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар аға оқытушылар, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер, еңбек сіңірген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану жағдайында оқу сабақтары онлайн немесе онлайн және оффлайн (аралас оқыту) режимінде өткізіледі.

Онлайн режимдегі оқу сабақтары нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесу процесін қарастырады: бейнеконференция (ZOOM және т.б.). Оффлайн режимдегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы асинхронды түрде, яғни Platonus ААЖ платформасы, ішкі байланыс қызметтері, чаттар мен форумдар арқылы жүзеге асырылатын өзара іс-қимыл процесін көздейді. Аралас оқыту кезінде дәрістер онлайн режимінде, практикалық, зертханалық, студиялық сабақтар институттың мамандандырылған аудиторияларында өткізіледі.

Академиялық кезеңде білім алушы оқу материалын алу үшін Platonus ААЖ платформасындағы жеке кабинетке күн сайын кіреді, «Тапсырма» модуліндегі тапсырмаларды дербес орындайды және оларды оқытушылардың талаптарына сәйкес ұсынады. Оқу процесінде институт кітапханасының электрондық ресурстары және қолжетімді электрондық ресурстар (ЖАОК, шетелдік жоғары оқу орындарының тегін курстары және олар ұсынатын вебинарлар) пайдаланылуы мүмкін.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау пән силлабусында көрсетілген жұмыстарды тапсыру кестесіне сәйкес Platonus ААЖ платформасында «Тапсырма» және «Тестілеу» модульдерінде жүзеге асырылады. Оқытушы бағаларды жүйенің электрондық журналына қояды. Студенттер өздерінің логині мен паролін қолдана отырып, өз бағаларын көре алады.

Білім алушылар ағымдағы және қорытынды бақылау тапсырмаларын орындау кезінде академиялық адалдық кодексін сақтауға тиіс.

Әрбір пән үшін Platonus ААЖ порталында «ОӘК» бөлімінде ОӘК және силлабустар орналастырылған.

Қорытынды аттестаттау Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген нысанда институттың оқу корпусарында қорытынды аттестаттау кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыру Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережелері, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережелеріне сәкес жүргізіледі.

7. Академиялық адалдық және сапаны қамтамасыз етудің ішкі кепілдіктері саясаты

Оқу процесіне қатысушылардың жеке адалдығын және оқу кезіндегі өзара іс-қимыл процесіне жауапкершілігін дамытатын академиялық адалдығының негізгі принциптері:

- академиялық жұмыста адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

- жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділ және объективті ережелерін бекіту;

- басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскрипті негізінде білім алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігі мен тәртібін айқындау арқылы білім алушыны оқытудың дәйекті және үздіксіз траекториясын қамтамасыз ету;

- оқытушының академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде өзінің білім алушыларына құрмет көрсетуі;

- академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесіне қатысушыларды көтермелеу және ынталандыру;

- оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды анықтауы;

- оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлері саясатын анықтауы;

- академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шара қолдану;

- білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық адалсыздыққа жол бермеуді қамтамасыз ететін академиялық орта құру.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі кепілдік саясаты ғылыми зерттеу, оқыту және оқу арасындағы байланыс арқылы іске асырылады. Институттың барлық бөлімдерінің қатысуын және сапаны қамтамасыз етуге тең жауапкершілікті, студенттердің әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оқытудың икемді

траекторияларын ұсынуды және оқытудың тәсілдері мен әдістері туралы тұрақты кері байланысты көздейді.

Білім алушылардың білімін бағалау үшін сапа кепілдігінің рәсімдері мыналарды ескеруі тиіс:

- Бағалаушы тұлғалар тестілеу және студенттердің білімін тексеру әдістерін меңгеруі және осы салада біліктілігін арттыруы тиіс;

- Бағалау критерийлері мен әдістері алдын ала жариялануы тиіс;

- Бағалау студенттің жоспарланған оқу нәтижесіне жету деңгейін көрсетуі тиіс. Студент кері байланыс алуы керек, қажет болған жағдайда оқу процесі бойынша кеңестер алуы керек;

- Бағалау барлық студенттер үшін дәйекті, объективті және белгіленген ережелерге сәйкес жүргізілуі керек;

- Апелляцияның ресми рәсімі қарастырылуы тиіс.

Академиялық адалдық қағидаттары келесі ішкі нормативті құжаттарда белгіленген: Академиялық адалдық саясаты, Студенттің ар-намыс кодексі, Оқытушының ар-намыс кодексі, «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары.

8. Білім алушыларға ауысу, қайта қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалыс беру саясаты

Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖОО-нан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады. Білім алушы, егер ол жеке оқу жоспарына сәйкес игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаған болса, қайта қабылдау кезінде оқудан шығару мерзіміне қарамастан, кез келген ЖОО-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

ЖОО білім алушыны ауыстыру, қайта қабылдау кезінде ББ даярлау бағытын және бейінін, білім алушының оқу жетістіктерін ескереді.

Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауыстыра отырып танылады.

Академиялық демалыс білім алушыларға науқастануы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша, сондай-ақ әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазы негізінде, дүниеге келген, асырап алған бала үш жасқа толғанға дейін беріледі.

Білім алушы ЖОО-дан келесі жағдайларда шығарылады:

- академиялық үлгерімсіздік үшін;

- академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін;

- Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының ішкі тәртіп ережелерін, Жарғысын, студенттерінің Ар-намыс кодексін бұзғаны, оның ішінде оқу тәртібін бұзғаны үшін;

- білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;

- өз еркімен;
- білім алушы қайтыс болған жағдайда.

Ауысу, қайта қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалыс беру талаптары Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау, академиялық демалыс беру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде оқытушылар келесі қағидаларды ұстануы тиіс:

- Барлық тапсырмалар жарамды, сенімді және анық болуы керек.
- Білім алушының жетістігін бағалау және оның курс немесе модуль шеңберінде оқу нәтижелеріне қол жеткізуін растау үшін бағалаудың әртүрлі әдістерін, яғни жазбаша, ауызша, практикалық, тест, жоба, портфолио т.б. қолдану қажет.
- Бағалау білім алушылардың өз оқуын басқару қабілетін дамытуы тиіс.
- Тапсырмалар білім алушыларды оқу іс-әрекетіне тарту керек.
- Қалыптастырушы тапсырмалар аз көлемді болуы және аз мөлшерде берілуі керек.
- Бағаланатын тапсырманың әр түрінің өзіндік бағалау критерийлері болуы керек.
- Бағалау процестері өз-өзіне рефлексия элементтерін, серіктестік тексеру мен бағалауды, оқытушының сынын, тапсырманы түзетуді т.б. қамтуы мүмкін.
- Білім алушыға оқуын жоспарлауға және қабілеттерін дамыту үшін кері байланысты пайдалануға көмектесу мақсатында тапсырмалардың көлемін, әртүрлілігін және орындалу уақытын дұрыс ұйымдастыру.

Қорытынды бақылау барлық курстар мен оқу нысандары бойынша Platonus ААЖ-де компьютерлік тестілеу нысанында немесе жазбаша түрде өткізіледі. Компьютерлік тестілеу нысанында қорытынды бақылауды қабылдау ТК және АБӘФО қызметкерлері қатарынан кезекшінің қатысуымен компьютерлік сыныптарда жүргізіледі. Қорытынды бақылауды жазбаша түрде балама оқытушы қабылдайды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық қағидастарына негізделген.

Аралық және қорытынды бақылаудың барлық жазбаша жұмыстары бөтен мәтінді пайдалануға тексеруден өтеді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ережелеріне, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында жазба жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалануға тексеру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Қорытынды аттестаттау ұйымдастыру саясаты

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты: жоғары оқу орны түлегінің кәсіби міндеттерді орындауға дайындық деңгейін және оның дайындығының білім

беру бағдарламасы мен мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау.

Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды.

Қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары мен рәсімі Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі.

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу мынадай қағидаттарға сәйкес жүргізілуі тиіс:

- қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламасын толық көлемде игерген білім алушылар жіберіледі;

- қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен жағдайда бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі және өз үлгісіндегі диплом беріледі;

- дипломдық жұмыстарды/ жобаларды қорғау аттестаттау комиссиясының ашық отырысында өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін әрбір ББ бойынша аттестаттау комиссиялары құрылады, институт ректорының бұйрығымен бекітіледі.

АК бір оқу жылы бойы жұмыс істейді.

АК-сын АК қызметін ұйымдастыратын және бақылайтын, түлектерге қойылатын талаптардың бірлігін қамтамасыз ететін Төраға басқарады

АК төрағасы болып, әдетте, институтта жұмыс істемейтін, тиісті бейіндегі ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар тұлғалар, сондай-ақ тұтынушы болып табылатын білім беру ұйымдарының жетекші мамандары тағайындалады.

АК институт оқытушыларынан құрылады. Аттестаттау комиссиясының саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

АК-ның құрамын және қорытынды аттестаттаудың жауапты хатшыларын факультет деканы ұсынады және ректор бұйрығымен бекітіледі.

Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдерін (кестесін) ОР белгілейді, ректор бекітеді және АК жұмысы басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын студенттерге жеткізіледі.

Дипломдық жұмыс/жоба тақырыптарын бекіту институт бойынша бұйрықпен бекітіледі.

АК функциялары:

- түлектің дайындығының жоғары білім МЖМБС талаптарына сәйкестігін және дайындық деңгейін анықтау;

- қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша дәреже беру және бітірушіге өзіндік үлгідегі диплом беру туралы шешім қабылдау;

- АК жұмыс нәтижелері негізінде студенттердің дайындығын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

- АК отырысына деканат келесі құжаттарды ұсынады:

- деканның студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкімі;

- білім алушының транскрипті;

- қорытынды аттестаттау бағдарламасы.

АК шешімі, егер оның отырысына төраға мен хатшыны қоса алғанда, оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін АК жұмысы туралы есеп жасайды, ол Ғылыми кеңес отырысында тыңдалады.

Дипломдық жұмыстарға/жобаларға басшылықты бейіні бойынша оқытушылар және (немесе) кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар ұлттық біліктілік шеңберінің 7 деңгейіне және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін мамандар жүргізеді.

Қорытынды аттестаттау Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ережелеріне, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында дипломдық жұмысты (жобаны) орындау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

11. Академиялық ұтқырлық саясаты

Институттағы академиялық ұтқырлықтың негізгі бағыттары:

- қосымша құзыреттер мен кредиттерді игеру мақсатында мемлекетаралық және жоғары оқу орындары арасындағы келісімдер негізінде студенттермен алмасу;

- шет тілдерінде білім беру бағдарламаларын, пәндер курстарын әзірлеу және қалыптастыру.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтындағы академиялық ұтқырлық туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

12. Түлектерді жұмысқа орналастыру саясаты

Институт түлектері кәсіптік даярлығына, бейімділігі мен қабілетіне сәйкес кәсіп түрі мен жұмыс орнын еркін таңдауға құқылы.

Академиялық бағдарламалар, әдістемелік және ғылыми жұмыс офисі (АБӘҒЖО) жыл сайын Қостанай, Ақмола областары бойынша педагогикалық кадрларға қажеттілік мониторингін жүргізеді.

Декандар, факультеттер мен білім беру бағдарламалары бойынша жауаптылар түлектерді бос жұмыс орындарының бар-жоғы туралы хабардар етеді.

АБӘҒЖО жұмыс берушілердің жазбаша өтінімдері негізінде білім беру ұйымдарындағы бос орындар туралы ақпарат жинау жұмыстарын жүргізеді. Білім беру бағдарламалары бойынша қажеттілік туралы мәліметтер өңдеуден кейін түлектерді бөлу үшін пайдаланылады.

Түлектерді бөлу процесі Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.